

Ілеспе аудармадағы лексикалық трансформациялар (БҰҰ қауіпсіздік жөніндегі отырыстары негізінде)

Т. К. Байсакалов

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТ-дың магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада аударма трансформацияларының түрлері, ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма үдерісінде қолдану ерекшеліктерін қарастырады.

Аударма ісінде аудармалық трансформациялардың түрлері мен амал-тәсілдерін оқып-үйрену аса маңызды. Н.К. Гарбовскийдің пайымы бойынша, аудармалық трансформация деп түпнұсқа тілінде де, аударма тілінде де бар изоморфтық (тілде қалыптасқан) бірліктерді қолданудан ауытқуды түсінеміз [9, 97-109]. Аудармалық трансформацияларды жасауға бірнеше факторлар ықпал етеді.

Аудармалық трансформациялардың негізінде қос тілдің нормаларына сай жаппай қабылданған изоморфтық тілдік бірліктерді қолдану ғана емес, сонымен бірге окказионалдық ерекшеліктер де кіреді. Қандай да бір қалыптағыдан тыс ерекше шарт қоятын контекстінде функционалдық қызметінен ауытқыған басқа бір бірліктер қолданылуы тиіс. Осы талап жас аудармашылардың назарына ілінбей жатады. Тілдік бірліктердің окказионалды қолданыс ерекшеліктеріне мән бермеу нәтижесінде аударма мәтінде түпнұсқаның мазмұны жоғалып, ал аударма мәтінінің өзі функционалдық-стилистикалық деңгейіне сай болмай қалады.

Аударманың басты мақсаты – түпнұсқамен бара-бар (адекватты) болу. Аударманың түпнұсқамен бара-барлығына қол жеткізу үшін аудармашыға жүктелетін басты міндеттердің бірі – әр түрлі аудармалық трансформациялар жасау. Л.С. Бархударов айтқандай, аударманың бара-барлығы үшін түпнұсқа мен аударма тілінің тілдік жүйелеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, аудармашы көптеген тіларалық сапалы түрлендірулер, яғни аудармалық трансформацияларды жүзеге асыруы тиіс, тек сонда ғана, аударма тілінің нормалары қатаң сақталып, түпнұсқа тіліндегі мазмұн мен ой аударма мәтінде максималды түрде толыққанды беріледі.[5, 190].

Аударма трансформациялар негізіне тек аударманы жеткізу тілі ғана емес, сонымен қатар аударма тіліндегі трансформацияларды қолдана отырып, функционалды мәтіндердің айрмашығын ұйғара отырып, тыңдаушыға түсінікті формада жеткізе алу ерекшелігі жатады. Осы мақсатта ғалымдардың аударма трансформация-

ларының әдіс-тәсілдерін бөлуіне тоқталған жөн.

М.Д. Гутнердің «трансформациялық аударма» теориясы бойынша лексикалық трансформациялардың мынадай түрлері болады:

- сөздердің орын тәртібінің өзгеруі;
- қосу;
- түсіріп тастау;
- сөз таптары мен сөйлем мүшелерін ауыстыру;

- антонимдік аударма [11, 61].

Ю. В. Пиввеева мен Е. В. Двойнина «Пособие по теории перевода (на английском материале)» соавторлық еңбектерінде лексикалық трансформациялардың келесі түрлерін көрсетеді:

- дифференциялау;
- нақтылау;
- жалпылау;
- антонимдік аударма;
- орын толтыру;
- мағынаны дамыту;
- тұтас түрлендіру [28, 99].

В.С. Слепович Л.С. Бархударовқа қарағанда, қосуды, түсіріп тастауды және орын ауыстыруды лексикалық трансформациялардың негізгі түрлері деп қарастырады. Бұл жерде В.С. Слеповичтің бұл шешімін қосу мен түсіріп тастау тәсілдерінде қолданылатын тілдік бірлік лексикалық бірліктер болғандықтан, осы тұрғыдан баса назар аударуымен түсіндіре аламыз:

Антонимдік аударма Нақтылау Жалпылау Тұтас түрлендіру [33, 98-100].

С. П. Романова мен А. Л. Коралова «Пособие по переводу с английского на русский» еңбектерінде аудармадағы трансформацияларды лексика-грамматикалық деп топтап, мына түрлерін ажыратады:

- нақтылау мен жалпылау;
- логикалық даму: а) себеп-салдарға байланысты; ә) метонимиялық; б) перифраз;
- тұтас түрлендіру;
- антонимдік аударма [31, 48-69].

В. Е. Щетинкин берген жіктеменің өзіндік ерекшелігі бар. Ол лексикалық трансформация-

ларды логикалық та, функционалдық та белгілерін ескере отырып топтайды:

- нақтылау;
- жалпылау;
- орын толтыру;
- экспликация;
- антонимдік аударма;
- мағынаны дамыту [40, 43].

Сонымен біз әр түрлі ғалымдардың жіктемесін қарап шығып, лексикалық трансформациялардың мынадай түрлерін анықтадық: *нақтылау немесе конкретизация, жалпылау немесе генерализация, айқындау немесе дифференциялау, шендестіре аудару немесе антонимдік аударма, транскрипциялау, транслитерациялау, калькалау, түсіндірме беру немесе экспликация, орын толтыру немесе компенсация, мағынаны дамыту немесе логикалық даму немесе модуляциялау, тұтас түрлендіру, сөздердің орын тәртібінің өзгеруі, қосу, түсіріп тастау, сөз таптары мен сөйлем мүшелерін ауыстыру.*

Алайда, біздің сараптамамыз толық қанды зерттеу әдісіне негізделгенін айта кету керек. Сондықтан әр тәсілді бөлек мысалдармен бере кетсек деп ұйғардық.

Қандайда да болмасын екі тілді тілдегі балама сөздердің мағыналық ауқымы, жүгі әртүрлі болады, соған байланысты түпнұсқа тіліндегі кең мағыналы сөзбен беретін жайттар болады. Мұның бірінші тәсілін – нақтыландыру (конкретизация), екінші тәсілін – жалпыландыру (генерализация) деп атайды.

Мысал келтіре кетсек:

Нақтылау әдісі

Түпнұсқа тіліндегі кең мағыналы сөзді немесе сөз тіркесін аударма тілінің тар мағыналы сөзімен немесе сөз тіркесімен ауыстыру [5, 198].

The participating States intend to further the development of contacts and exchanges among young people by encouraging...the further development of youth tourism and the provision to this end of appropriate facilities.

Серіктес мемлекеттер жастар арасын біріктіріп, алмастырып қана қоймай жастар туризін ары қарай дамытып, жастарға осыған байланысты жеңілдіктер дайындап отыр.

Бұл сөйлемде ағылшын мәтінінде facilities сөзін сөздікте бірілген баламсымен аударуға болмайды, сондықтан аударма арысында аудармашы сөйлемнің мағынасына қарай осы сөзді нақтылау арқылы жеткізіп отыр.

So far 65 people have died in floods in Dacca Province, East Pakistan.

Сонғы ақпараттарғы айтылғандай Шығыс Пакистанның Дакка аймағында 65 адам су тасқынынан қаза тапты.

Ағылшын мәтініндегі қолданып оытқан die қазақ тіліне қарағанда ағылшын тілінде баламасы көп, сондықтан аударма үдерісінде нақтылау қажет.

Жалпылау әдісі

Түпнұсқа тіліндегі тар мағыналы сөзді немесе сөз тіркесін аударма тілінің тең мағыналы сөзімен немесе сөз тіркесімен ауыстыру [5, 198].

Some sectors have achieved certain improvements, but the situation on the whole is very complicated.

Алға жылжығанымызға қарамастан, экономикалық жағдайымыз өте жаман.

Some sectors have achieved certain improvements деген жалпылау әдісі арқылы *Алға жылжығанымызға қарамастан деп аударылған*

One can make another person's life hell by harassing him or spreading rumors about him.

Алға шыққан адамның кері қарай тартып, көптеген сөгістің астына алады.

Бұл сөйлем контекстің мағынасына байланысты жалпылама түрде аударылған.

Антонимдік аударма

Шендестіре аудару дегеніміз – түпнұсқадағы болымды мағынаны болымсыз түрмен я, керісінше, болымсыз мағынаны болымды түрмен жеткізу. Мысал:

1) The troops shall not be used except for emergency. – *Әскерді тектөтеніше жағдайда қолданамыз*

2) *It will be June* before the two statesmen meet to sign the treaty. – Екі мемлекеттік қайраткерлер *шілдеге дейін* келісімге қол қоюға кездеспек.

Қосу.

Кейде түпнұсқа тілдегі құрылыма белгілі бір сөздің не элементтің айтылмай тұруы, көрінбей тұруы мүмкін. Ал аудармада сол элементті көрсетуге тура келетін жайттар болады, міне, осыған байланысты қосу тәсілі пайдаланылады. В. С. Слепович айтқандай, бұл тәсіл аударма үдерісінде түпнұсқа тілінің лексикалық бірліктеріне компрессия тән болған жағдайда аса қажет [33, 98].

Мысалы: The President's energy message *энергия қазбаларының жетіспеушілігі туралы президент жарлығы*

Түсіріп тастау.

Түпнұсқа мзмұнына нұқсан келтірілмейтін жағдайда аударма үдерісінде түпнұсқаның басы артық сөздерін тастап кету [11, 98].

Бұл - мән жағынан қосуға қарсы тәсіл. Аудару үстінде түпнұсқадағы мағыналық тұрғыдан басы артық сөздер, оларды алып тастаса да, мағына – мазұнды өзгеріске ұшыратпайтын, тым болмаса, нұқсан келтірмейтін сөздер түсіріліп тасталуы мүмкін.

Мұндай басы артық сөздер плеоназм құбылысына байланысты болатыны байқалады. Мысалы, *The proposal was rejected and repudiated.*

Ұсыныс қолдауын таппады.

Қазақ тілі синтаксистік құрылысының бір ерекшелігі сол, салалас құрмалас сөйлемді құрастырушы сыңарлардың жалғаулықты, жалғаулықсыз болуы көбіне мағына өзгерте бермейді. Қалай десек те, аударманың нәтижелі болуы аудармашының тілдік білімі, аялық білімі, контексті түйсінуі, филологиялық білім мен шығармашылық талантына байланысты болатыны даусыз.

Әдебиеттер:

1. Виссон Л. Синхронный перевод с русского на английский. – М.: Изд-во «Р. Валент», 2003.

2. Чернов Г.В. Теория и практика синхронного перевода. – М., 1978.
3. Ширяев Л.Ф. Синхронный перевод. – М., 1979.
4. Миньяр-Белоручев Р.К. Общая теория перевода и устный перевод. – М., 1980.
5. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М., 1996.
6. В.М. Илюхин. Стратегии в синхронном переводе. – М., 2001.
7. И.А. Зимняя, Г.В. Чернов. Вероятностное прогнозирование в процессе синхронного перевода. – М., 1973.
8. Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода. – М., 1996.
9. Швейцер А.Д. К вопросу о наиболее рациональной схеме синхронного перевода. “Тетради переводчика”. – М., 1967.
10. Чернов Г.В. Коммуникативная ситуация синхронного перевода и избыточность сообщения. – “Тетради переводчика”. – М., 1975.
11. Гурин И.В. “Приемы речевой компрессии при синхронном переводе с русского языка на английский”. – М., 2008.

Данная статья посвящена видам переводческих трансформаций и правилам использования их в процессе перевода с английского на казахский язык.

This article investigates the types of translation transformations strategy in translation process from English into Kazakh languages.

Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер

Ә. Ә. Ақкөзов

ОҚПУ-дың ф.ғ.к., доцент, Шымкент, Қазақстан

Аннотация. В статье рассматривается сложное предложение со противительным значением. Дается структурно-семантический анализ формирования данной категории.

Қазақ тіл білімінде қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер бір кездері «ереуіл», «қайшы» салалас деп, кейіннен «қарсылықты салалас», «қарсылықты бағыныңқылы сабақтас» деп аталған болатын. Ал А. Байтұрсынұлы қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді «қайырыңқы» деп атаған. Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдердің компоненттері бір-біріне қарама-қарсы келетін әрекеттерді, оқиғаларды баяндайды. Біздің ойымызша, «Қарсылықты салалас сөйлем мен қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемді сыңарлары қарсы мағынада келетін құрмаластарды жасаудың әр түрлі тәсілдері деп қарауға болады. Болашақта қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі басқа қырынан, мағынадан оны жасаушы тұлғаларға қарай жүретін

тәсілмен қарастырылатын болса, онда қарсы мәндегі сабақтас, салалас сөйлемдер бір деңгейге топтастырылатын болады» [1,720 б.]. Мағынадан тұлғаға бағытталған осы тәсілді пайдалана отырып, қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер мен қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер құрамында бірге қарастырамыз.

Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер құрамындағы алғашқы компонент баяндаушының тиянақты, тиянақсыздығына, алғашқы сыңарда айтылған ойдың аяқталмаған, аяқталғанына қарай қарсылықты салалас және қарсылықты бағыныңқылы сабақтас болып екі құрылымдық-мағыналық парадигмалық топ құрайды. Мысалы: